

Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы және оның ерекшелік белгілерінің ресми пайдаланылу тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2736 Жарлығы.

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы мен төсбелгісі мемлекеттің ең жоғары лауазымды адамының ресми айырым белгілері болып табылады деп белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. Қазақстан Республикасы Президенті байрағының сипаттамасы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Былай деп белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасы Президенті байрағының эталоны орналасатын жер Қазақстан Республикасының астанасындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясындағы қызмет кабинеті болып табылады;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы Қазақстан Республикасының астанасындағы Мемлекет басшысы тұратын Резиденцияда, оларда Қазақстан Республикасының Президенті болған уақытта басқа резиденциялар үстінде, Республика Президентінің көлік құралдарында орнатылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің төсбелгісі мемлекеттік мекемелер құрметіне, әскери парадтар, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың ресми адамдарын қабылдау, Қазақстан Республикасының Президенті атынан өткізілетін ресми қабылдаулар, Құрылтай сессиясын ашу, мемлекеттік наградаларды тапсыру кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті салтанатты кеште немесе концертте құрметті қонақ болған не қатысқан, ресми телевизиялық сұхбат берген кезде, шетелдік сапарлар уақытында қабылдаушы тараптың хаттамасына сәйкес тағылуы мүмкін деп белгіленсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы Президенті байрағының СИПАТТАМАСЫ

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2012.10.31 № 414 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы - көгілдір түсті (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туымен түстес) тікбұрыш нысанындағы жақтары екіден біріне сәйкес келетін кездеме. Тікбұрыштың ортасында Қазақстан Республикасының алтын түсті Мемлекеттік Туы бейнеленген.

Саптың тұсына тік сызық түрінде алтын түсті ұлттық нақыш орналастырылған.

Кездеме үш жағынан алтын шашақпен көмкерілген. Байрақтың сабы "қошқар мүйіз" түріндегі сретті қола кескіндемемен тұйықталған, оған көбілмелі шашақ бекітілген.

Байрақтың сабына Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік тілде тегі, аты мен әкесінің аты және оның сайланған мерзімін көрсететін даталар өрнектеліп жазылған күміс темірше бекітіледі.